



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

«лендлорд», «эсквайр», или к испанской, как «идадьго», «тореро», «коррида» и др.; слова, связанные с бытом французского города, как, например, «фиакр», «консьерж»; английские обращения «мисс», «сэр» и многие другие им подобные. В «Вино из одуванчиков» транслитерация встречается довольно часто. Вот один из примеров: «Mr. Tridden, runtothecarbar». В переводе: «Мистер Тридден, бегите в трамвайное депо».

Главная цель перевода – достижение адекватности. Основная задача переводчика при достижении адекватности – умело произвести различные переводческие трансформации для того, чтобы текст перевода как можно более точно передавал всю информацию, заключённую в тексте оригинала при соблюдении соответствующих норм переводящего языка. Почему же переводчики вынуждены обращаться к трансформациям? Основные причины использования переводческих трансформаций – различия в лексическом составе, а именно в понятийной сфере и смысловом объёме слов различных языков.

Грамматическая система языков также различна: отличаются сочетаемость и порядок слов в предложении, структура самих предложений, их использование и виды. Все вышеперечисленное обязывает переводчика адаптировать исходный текст к нормам родного языка, используя трансформации. Необходимость трансформаций становится ясна при анализе переводов. Художественные произведения являются ярким тому доказательством. Так как создание произведения – это исключительно творческий процесс, то и перевод данного труда также предполагает творческий подход. Существует множество видов трансформаций, но в данной статье мы выделили самые основные из них.

Список использованных источников

1. Паршин А. Теория и практика перевода. – СПб: СГУ, 1999. – 202с.
2. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 269 с.
3. Бархударов Л.С. Вопросы языковедения. – СПб, 1973. – 320 с.
4. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – СПб: Международные отношения, 1975. – 240 с.
5. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – Москва, 1974. – 216 с.
6. Гак В.Г. Типология контекстуальных языковых преобразований при переводе. – СПб, 1977. – 408 с.

УДК 651.926

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баженов Мұратбек Оразбекұлы

bazhenyev@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Заңға қатысты әдебиетті аудару, құқықтық және заң қызметіне қатысты мәтіндерді аударуды бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мұндай мәтіндер қатарына «заңдар, заң жобалары, нормативтік-құқықтық актілер, шарттар мен қосымша келісімдер, хаттамалар мен актілер, ұйымдардың құрылтай құжаттары, нотариалдық құжаттар мен куәліктер және басқалары» сияқты құжаттар жатады [1]. Осылайша, заң мәтіндерін аудару құқықтанудың әртүрлі салаларын қамтиды. Заң мәтіндерін аударуда басқа салаларға қарағанда мынадай терминологиялық салалар жиірек қолданылады:

- халықаралық құқық,
- теңіз құқығы,

- салық құқығы,
- меншік құқығы,
- сақтандыру құқығы,
- қылмыстық құқық,
- корпоративтік құқық [2].

Аударылатын заң құжаттарының типіне қарай заң аудармасы:

- заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді және олардың жобаларын аудару;
- шарттарды аудару;
- заң сараптамаларын және меморандумдарды аудару;
- апостильдерді және нотариаттық куәліктерді аудару;
- заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарын аудару;
- сенімхаттарды аудару болып бөлінеді [3].

Осындай құжаттарды аударудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді аудару аудармашыдан заңды жете білуді және арнайы терминологияға бай күрделі құрылымдармен еркін жұмыс істеуді талап етеді [4]. Көптеген құжаттарда заңнан дәйексөздер сілтемелерсіз келтіріледі, сол себепті, аудармашы осы жайтты бақылап, аударма тілінде оның баламасын табуға міндетті.

Заң құжаттарына тән өзіндік тілдік стиль, ерекшелік бар екендігі белгілі, онда тұрақты орамдар, күрделі анықтамалар, арнайы терминдер кеңінен пайдаланылады. Заң тілінің стилі – әрсіз, әрі ықшам. Түсіндіру кезінде әр термин, әр санат бір мәнді болуы мүмкін және олардың қосарлы мағынасы болмауға тиіс.

Заң аудармасының тілі мен стилі тұжырымдамаларда дәлдікті, қисынды құрылымды және мазмұнының жүз пайыз анық болуын талап етеді. Әрине, аударманың мақсатын ескеру қажет, себебі, аударма тек таныстыруға арналуы мүмкін, ол құжаттардың ресми аудармасы бола алады немесе нотариалдық куәландыруды орындау үшін талап етілуі мүмкін.

Құқықтық қатынастардың ерекшелігі – бұл құжаттардағы әрбір қате немесе дәлсіздік елеулі салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Аудармашы өзінің аудармасы үшін жауапты болады, себебі, елеусіз қате немесе кішігірім кемшілік тіркелмеген мәмілеге және мүліктік зиянның келтірілуіне және сот наразылықтарына әкеп соғуы мүмкін.

Заң мәтіндерін аудару барысында аударылатын және түпнұсқа тілдері елдерінің құқықтық жүйедегі ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Түпнұсқа мәтін шыққан елдің нормативтерінде белгіленген қағидалар бойынша құрылады және онда тиісті тұжырымдамалар пайдаланылады. Аударылатын құжаттың мәтінінде түпнұсқаның мазмұнын және оның заңды ерекшеліктерін толық қамтуға, бірақ бұл ретте, өзге құқықтық жүйенің қағидалары бойынша жасалуға және басқа терминдерді басшылыққа алуға тиіс [5].

Егер фирмаларды тарату және қайта ұйымдастыру туралы сөз қозғалса, онда заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және АҚБ-ны қайта ұйымдастыру сияқты терминдер тек ағылшын не басқа да тілдерге аударылып қана қоймай, сондай-ақ нақты сол елдің құқықтық жүйесіне сәйкес келуге тиіс.

Мәселен, егер аудармашы құжаттың мәнмәтінін білмесе, қайта ұйымдастыру, бөліп шығару деген тіркестер ағылшын тіліне дұрыс аударылмауы мүмкін.

Мысалы, қарапайым қос тілді сөздікте осы сөздердің мынадай аудармасы беріледі: *reorganisation, allocation, joining*.

Бұл ретте, заң тілінде *қайта ұйымдастыру* деген тіркесті, мәнмәтінге қарай, *conversation* деп аударуға болады. Қайта ұйымдастыру тіркесінің бұл жағдайда қосарлы мағынасы болады және қайта ұйымдастыру *қайта құру* дегенді білдіретін болады.

Тағы да бірнеше мысал келтіре кетсек:

1. *acquire* деген сөзді эквайер деп аударуға болады. Заңды мәнмәтінде эквайер сөзі «Сауда-қызмет көрсету желісіндегі терминалдар мен банкоматтардан тұратын, карточкаларға қызмет көрсету орындарымен қара іс-қимыл жасау жөніндегі операциялардың бүкіл спектрін жүзеге асыратын банкті немесе компанияны» білдіреді.

2. *interest* және *charges* деген сөздерді мәнмәтіннен тыс жерде әртүрлі аударуға

болады: қызығушылық, мүдде, салық; айып, төлемақы. Салық құжаттарының мәнмәтінінде аталған екі сөз бірге пайдаланыла отырып, «төлеуге жататын пайыздарды» білдіреді [6].

Аудармашы заң мәтіндерімен жұмысы істеген кезінде И.Г. Федотова осындай тектес мәтіндергі аудару техникасы туралы нақты түсінік беретін мынадай құрамдас бөліктерді атап көрсеткен:

1. Мәтінді аударуға алдын ала дайындау кезеңі барысында оның тақырыптық тиесілілігін айқындау мақсатында мәтінді жалпы кәсіби-мағыналық талдау. Яғни, аударманы құқықтың қайндай да бір жекелеген саласына жатқызу тұрғысынан бағалау туралы айтуға болады, себебі, заң мәтіндерінің жалпы ерекшелігінен бөлек, олардың әрқайсысына белгілі бір ерекшелік тән. Тұтастай алғанда, не жайлы айтылып жатқанын, мазмұнын ашу үшін қандай тілдік нормалар пайдаланылғанын анықтау және аударманың тиісті стратегиясын таңдау маңызды болып табылады.

Мысал ретінде мынадай екі сөйлемді алайық: *“The fee simple estate (sometimes called fee or fee simple absolute) gives the holder absolute ownership that descends to the owner’s heirs on his or her death. In addition, it can be sold or granted out by the owner at will during the owner’s lifetime”*.

Біріншіден, функционалдық стильді анықтау қажет. Эмоционалдық бояудың толығымен болмауы және мәтіннің синтаксистік құрылымы оны ресми-іскерлік стильге жатқызуға болады. Екіншіден, арнайы терминология (мысалы, *“ownership”*, *“estate”*) – оны заң мәтіні, нақтырақ айтқанда, жеке (азаматтық) құқық саласына қатысты және жылжымайтын мүлік институтына байланысты мәтін ретінде айқындайды.

2. Аударма үшін берілген мәтіннің ақпараттық мәнін құрайтын тірек-түйінді терминдерді атап көрсету.

Аудармашы заң мәтінінің нақты бір құқық саласына тиесілілігін анықтаған соң және нақты мәтінде не жайлы сөз болатыны туралы жалпылама түсінік қалыптастырғаннан кейін мәтінді, яғни аударманы толығымен түсіну мүмкін болмайтын негізгі, түйінді терминдерді бөліп шығару қажет. Бөліп шығарылған терминдер жалпыға ортақ қабылданған немесе «авторлық» деп аталатын, яғни, жекелеген ғалымдар ұсынған терминдер болып табылатынын-табылмайтынын және осы термин құқықтың белгіленген саласының қандай нақты институтына жататынын анықтау қажет.

Жоғарыда келтірілген сөйлемде *“fee simple estate”*, *“fee”*, *“fee simple absolute”* негізгі терминдер болып табылады, себебі, бұл мәтінде осы санаттың анықтамасы берілген. *“sometimes called”* сөз тіркесінің мағынасынан аталған үш терминнің бәрі синонимдер болып табылады деген қорытынды жасауға болады, бұл ретте, *“fee simple estate”* – жалпыға ортақ пайдаланылатын, ал *“fee”* және *“fee simple absolute”* «авторлық» термин болып табылатын тәрізді. Алайда, автордың өз терминін енгізгісі келуі де мүмкін және айқындылық үшін ол жақшалардың ішінде жалпыға ортақ пайдаланылатын нұсқасын беріп отыр. Кейбір дерек көздерінде *“estate in fee simple”* сияқты нұсқасы да кездеседі. *“estate”* сөзінен нақты бір жылжымайтын мүлік туралы айтылғаны анық.

3. Бөліп көрсетілген терминдердің ұғымдық-мағыналық қырына әртүрлі құқықтық жүйелерге жататын ұқсас терминдер арасында мағынасындағы айырмашылықтарды анықтай нысанасына сараптама жүргізу.

Аудармашы мәтінге аударма алдындағы талдау жүргізгеннен кейін және тіректі, негізгі терминдерді анықтағаннан кейін, ұғымның мазмұнын йқындау қажет, яғни, бөліп шығарылған нақты термин нені білдіретінін барынша толық түсіну талап етіледі. Бұл ретте, үш сөздікті: ағылшын-ағылшын (түсіндірме), мамандандырылған ағылшын-қазақ заң сөздігін және жалпы ағылшын-қазақ сөздіктерін пайдалу қажет.

4. Тікелей аудару арқылы емес, әртүрлі екі құқықтық жүйе терминдерінің арасындағы ұғымдық барабарлықтың жоқ болуы факторын ескере отырып, түсіндіру арқылы мағынаны беру тәсілін пайдалану.

Аударма барысында түсінбестікті болғызбау үшін аударма парафразаны пайдалып, «ең жақын тек және түр ерекшелігі арқылы» айқындай отырып,» жүзеге асырылуға тиіс.

5. Мәтіннің лексикалық-грамматикалық және синтаксистік қиындықтарын талдау.

Заң терминдерін аудару кезінде лексикалық-грамматикалық және синтаксистік қиындықтар, негізінен, құқық, әсіресе, нормативтік-құқықтық актілер тілінің ерекшелігіне байланысты туындайды. Аударма кезінде ағылшын және қазақ тілдерінде тұрақты тілдік орамдар бар екенін ұмытпаған жөн. Ең диі кездесетіні – «егер шартта өзгеше көзделмесе». Ағылшын тілінде бұл тіркес “*unless the contract contains any statement expressly to the contrary*” деп айтылады.

6. Мәтіннің ырғақтық-стилистикалық бейнесіне түзету енгізу мақсатында оны түпкілікті редакциялау.

Заң мәтіндерін аудару аударма түрлерінің арасында неғұрлым күрделі түрі болып есептеледі. Бұл, негізінен, заң мәтіндерін аудару қазақ тілінен шет тілдеріне және керісінше аудару кезінде аудармашылық дағдылар жеткіліксіз болуына байланысты. Тиісті құқық саласындағы арнайы білімсіз, нақты бір құқықтық қатынастардың ерекшелігін білмей, заң мәтіндерін дұрыс аудару екіталай [7;12].

Заң терминдерін аудару кезінде аударудың мынадай кейбір тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Сипаттау тәсілі – сөзді ағылшын сөзінің кеңінен таралған түсіндірмесі арқылы беру. Бұл тәсіл ана тілде сөздің тиісті мағынасы болмаған жағдайда да, сөздіктегі түсіндірмелер кезінде де пайдаланылады.

Мысалы: *accrual right* – кірісті алу құқығы; *account* – төленбеген қарыздық талап; *official accusation* – ресми айып (қылмыс жасағаны үшін) және т.б.

Калька тәсілі. Бұл тәсіл ағылшын сөзін сөзбе-сөз жасайды.

Мысалы: *Multiple accredit* – көп мәрте аккредиттеу; *accomplice of attempt* – қылмысқа оқталуға сыбайлас қатысушы; *according to law* – заңға сәйкес.

Қорыта айтқанда, тиісті құқық саласындағы заң мәтіндері мен терминдерін арнайы білімсіз, нақты бір құқықтық қатынастардың ерекшелігін білмей, дұрыс аудару қиындық туғызады. Қолданыстағы заңнаманы жетік білу, сондай-ақ арнайы лексиканы және шетелдік заң терминологиясын нақты мәнмәтінде қолдану ерекшеліктерін білу қажет.

Сонымен қатар, кейбір терминдердің жалпыға ортақ пайдаланылатын лексикалық қорға жататындығы нақтыланды. Құқықтық жүйелердегі айырмашылық көптеген терминдердің баламасын табуды қиындатады, осы тәрізді мәселелер халықаралық қатынаспен, мәдениетаралық байланыспен тығыз байланысты аударма саласының күрделілігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Перевод юридического текста. [Электрондық ресурс]: http://www.lexius.info/p/perevod_juridicheskogo_teksta
2. Что такое юридический перевод. [Электрондық ресурс]: <http://www.wptranslations.ru>
3. Юридический перевод. [Электрондық ресурс]: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. Перевод законов. [Электрондық ресурс]: <http://www.golden-translation.ru/lawsacts>
5. Перевод юридического текста: жоғарыда аталған еңбек.
6. Перевод юридических документов: типичные проблемы. [Электрондық ресурс]: <http://www.femidacenter.ru/traducir4/>
7. Федотова И.Г. Юридические понятия и категории в английском языке = Legal terminology : учеб.пособие. – Обнинск : Титул, 2000. – 432 с.

УДК 06.053.56

РЕЧЕВЫЕ ОШИБКИ В РЕЧИ ТЕЛЕВЕДУЩИХ МУЗЫКАЛЬНОГО КАНАЛА «ТМТВ» В УСЛОВИЯХ БИЛИНГВИЗМА